

Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 11 қазан N 1118. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 762 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 762 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 11 қазандағы
N 1118 қаулысымен
бекітілген

Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізуге қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

2. Осы Ереже конкурсты ұйымдастырушылар мен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алуға үміткер мерзімді баспасөз басылымдарының арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.

3. Осы Ереже ресми басылымдар болып табылатын Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысына және Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағына қолданылмайды.

4. Конкурстың негізгі мақсаттары:

- 1) азаматтардың ақпараттарды еркін алуындағы конституциялық құқықтарын іске асыру;
- 2) азаматтардың құқықтық танымы мен құқықтық хабардар болуын арттыру;
- 3) нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алуға мерзімді баспасөз басылымдарының тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 4) мерзімді баспасөз басылымдарының қызметін жандандыру;
- 5) мерзімді баспасөз басылымдарының арасында бәсекелестікті арттыру болып табылады.

5. Осы Ережеде:

- 1) мемлекеттік тапсырыстың негізінде мемлекеттік сатып алуға байланысты (бұдан әрі - мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс);
- 2) мемлекеттік сатып алуға байланысты емес (бұдан әрі - конкурстық іріктеу) нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурстың екі түрін өткізу көзделеді.

6. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) конкурс - жеңімпаз мерзімді баспасөз басылымдарын оларға нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялауға құқық беру мақсатында анықтау тәсілі;
- 2) конкурстық комиссия - конкурсқа ұсынылған құжаттардың конкурстың шарттарына сәйкестігін анықтау және тиісті шешім қабылдау мақсатында қарау үшін конкурсты ұйымдастырушылар құратын алқалы орган;
- 3) мерзімді баспасөз басылымы - тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және жарты жылда кемінде бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, оларға қосымшалар;
- 4) конкурсты ұйымдастырушылар - осы Ережеге сәйкес конкурс өткізуге уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар;
- 5) нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау - ресми және мерзімді баспасөз басылымдарында нормативтік құқықтық актілердің толық мәтінін жалпыға бірдей мәлімет үшін жариялау;
- 6) мемлекеттік сатып алу (конкурстық іріктеу) жөніндегі конкурстың қатысушысы - мемлекеттік сатып алу (конкурстық іріктеу) жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім берген мерзімді баспасөз басылымы;
- 7) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпарат агенттіктерінің қызметтерін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.14. N 99 қаулысымен.

7. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс және конкурстық іріктеу нормативтік құқықтық актілерді:

1) заңнамалық актілер мен Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулыларын;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын;

3) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулыларын;

4) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары мен әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялауға құқық беру мақсатында өткізіледі.

8. Конкурс өткізуді ұйымдастырушылар:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілдері қатысқан кезде заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулыларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау құқығына конкурс өткізу бойынша - уәкілетті орган;

2) уәкілетті органның аумақтық органдарының, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі аумақтық органдарының өкілдері қатысқан кезде мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары мен әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау құқығына конкурс өткізу бойынша - Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары болып табылады.

9. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс пен конкурстық іріктеуді конкурстарды ұйымдастырушылар бір күнде өткізеді.

2. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсты және конкурстық іріктеуді ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттары

10. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсты ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасымен реттеледі .

11. Конкурстық іріктеу тендер өткізу арқылы жүзеге асырылады. Конкурстық іріктеу басталар алдында конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді қабылдаудың соңғы күніне дейін 30 күннен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында конкурстық іріктеу өткізу туралы хабарландыру жариялайды.

Хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) конкурстық іріктеуді ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;
- 2) конкурстық іріктеуді өткізу уақыты, күні және орны;
- 3) конкурстық іріктеуді өткізу шарттары;
- 4) конкурстық іріктеуге қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі;
- 5) конкурстық өтінімдерді және өзге де құжаттарды қабылдау, конкурстық іріктеу туралы қосымша ақпараттарды беру мерзімі мен орны, сондай-ақ конкурстық өтінімдері мен басқа да құжаттары бар конверттерді ашу орны, күні және уақыты;
- 6) Әділет министрлігінің келісімі бойынша уәкілетті орган белгілеген конкурстық іріктеуге қатысушыға қойылатын талаптар;
- 7) конкурстық өтінімді және басқа да құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар;
- 8) конкурсты ұйымдастырушылардың банктік деректемелері;
- 9) конкурсты ұйымдастырушы белгілейтін өзге де қажетті ақпарат.

12. Конкурстық іріктеуге қатысуға тілек білдірген адам конкурстық өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі біткенге дейін конкурсты ұйымдастырушыға желімделген конвертпен мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) ұсынылған құжаттардың тізбесі қоса берілетін, уәкілетті орган белгілеген нысандағы конкурстық өтінім;
- 2) конкурстық іріктеуге қатысушының ұсыныстары;
- 3) конкурстық іріктеу өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген басқа да құжаттар.

13. Конкурстық іріктеуге қатысуға конкурстық іріктеудің жарияланған талаптарына сай келетін, конкурстық өтінімді уақытында берген және осы Ереженің 12-тармағына сәйкес тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынған мерзімді баспасөз басылымдары жіберіледі.

14. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер мен басқа да құжаттар бар конверттерді конкурстық іріктеуді өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген күні, уақытта және орында конкурстық іріктеуге қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің қатысуымен ашады.

Конвертті ашу кезінде конкурстық комиссия мүшелері алынған құжаттардың әрбір бетіне қол қоюды жүзеге асырады.

15. Конкурстық комиссия ұсынылған конкурстық өтінімдер мен басқа да құжаттарды қарайды және конверттерді ашқан күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде конкурстық іріктеудің қорытындысын шығарады.

16. Конкурстық іріктеу қорытындысы конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

17. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс пен конкурстық іріктеудің нәтижелері бойынша жеңімпаздар анықталады, олармен конкурсты ұйымдастырушы шарт жасасады.

Жасалған шарттарға сәйкес жеңімпазға осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген түрлердің әрқайсысы бойынша жеке-жеке нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығы беріледі.

3. Конкурстық комиссияның жұмыс тәртібі

18. Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және комиссия мүшелерінен тұрады.

19. Комиссия мүшелерінің құрамын, санын конкурс ұйымдастырушылар бекітеді.

Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды (үштен жетіге дейін) құрауы тиіс.

Конкурстық комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерін іске асыруға жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Төраға жоқ кезде оның функцияларын орынбасар орындайды.

20. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

21. Комиссия шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады, егер оған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Дауыстар тең түскен жағдайда, комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

22. Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді.

Комиссия отырыстарының хаттамаларын белгіленген тәртіппен оның жұмыс органы дайындайды және қол қойылғаннан кейін олар барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жіберіледі.

23. Конкурсты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесі комиссияның жұмыс органы болып табылады.

4. Конкурстық комиссияның, конкурстық іріктеуге қатысушылардың және оның жеңімпаздарының құқықтары мен міндеттері

24. Конкурстық комиссия:

1) осы Ереженің талаптарын бұза отырып ұсынылған конкурстық өтінімдер мен басқа да құжаттарды қараусыз қайтаруға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен ұсынылатын конкурстық өтінімдер мен басқа да құжаттарды қарауға және сараптаманы жүзеге асыруға қатысу үшін тәуелсіз сарапшылар мен өзге де мамандарды (консультанттарды) тартуға;

3) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

25. Конкурстық комиссия:

1) конкурстық іріктеуге қатысу үшін қажетті конкурстық өтінімдер мен басқа да құжаттарды белгіленген мерзімде қабылдауға;

2) конкурсқа қатысушыларды конкурстық іріктеудің шарттарымен, конкурстық іріктеудің жеңімпазымен конкурсты ұйымдастырушының үлгілік шартының жобасымен таныстыруға;

3) конкурстық іріктеуді жүргізуге қатысты қосымша ақпаратты конкурстық іріктеуге қатысушыларға беруге міндетті.

26. Конкурсқа қатысушылар:

1) конкурстық іріктеудің шарттарымен, конкурстық іріктеудің жеңімпазымен конкурсты ұйымдастырушының үлгілік шартының жобасымен танысуға;

2) конкурстық іріктеу жүргізуге қатысты қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

27. Конкурсқа қатысушылар конкурстық іріктеуге қатысу үшін қажетті толық және шынайы ақпаратты беруге міндетті.

28. Конкурстың жеңімпаздары жасасқан шарттарға сәйкес өзіне алынған міндеттемелерді тиісті түрде орындауды қамтамасыз етуге, соның ішінде нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялаудың талаптары мен мерзімдерін сақтауға міндетті.

5. Конкурстық іріктеудің қорытындысын жарамсыз деп тану

29. Егер конкурстық іріктеуге екіден кем қатысушы қатысса, конкурсты ұйымдастырушы оны болған жоқ деп таниды немесе конкурсты ұйымдастырушы конкурстық іріктеудің талаптарын қанағаттандырмайтын деп таныған конкурстық іріктеуге қатысушылардың ұсыныстары жарамсыз болып табылады.

6. Қорытынды ережелер

30. Конкурстарды өткізу немесе нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

31. Конкурсты ұйымдастырушы мен жеңімпаздың арасында жасалған шарттардың орындалуын бақылауды конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК